

Л2005
6036 К

ДИДАХМЕТ ӘШІМХАНҰЛЫ

*Әңгіме емес
әңгімелер*



D. Schumexanof

Дидахмет ЭШІМХАНҰЛЫ

*Әңгіме емес
әңгімелер*

Эсселер, әдебиет, руханият туралы ойлар

«Елорда»
Астана – 2004

821.512.122-4

ББК 83.3. Қаз

Ә 95

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ
ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІНІҢ
БАҒДАРАЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

Әшімханұлы Д.

Ә 95 Әңгіме емес әңгімелер. Эсселер, әдебиет, руханият туралы ойлар. Астана: "Елорда", 2004. — 272 бет


ISBN 9965-06-373-7

Жазушы, журналист Дидахмет Әшімханұлының есімі оқырман қауымға алдымен ойлы журналист, өткір публицист ретінде танылған. Қаламгердің бұл жинағына оның әр жылдарда жазылған, бірақ маңызды мазмұны ал де ескірмеген әдеби эсселері мен публицистік шыгармалары беріліп отыр. Жинақ үш болімнен тұрады. «Қаламдас ағалар, замандас достар...» атты болімде жазушы өзінің қаламдас ағалары Қалтай Мұхамеджан, Шерхан Мұртаза, Әбіраш Жеміш, Қалихан Ыскак, Оралхан Бекей, Сагат Әшімбаев, сондай-ақ замандастары Жәнібек Қөрмен, Әлібек Аскар тағы басқалардың шыгарма-шылықтың кыры, адами болмысы туралы сыр козғайды. Ал «Көркемсөз туралы кара сез» болімінде негізінен әдебиет мәселелері әңгіме болса, «Ұлтсыздықка үлтшылдықпен...» болімінде туган халқымыздың тілі мен дініне, ділі мен рұхына қатысты қоқейкесті жайлар қолданен тартылады.

Жинақтағы туындылар көркем тілмен, әдеби стилемен жазылған. Жатық та өсерлі оқылады.

Ә 4603020102 - 303
00(05) - 04

ББК 83.3. Қаз



ISBN 9965-06-373-7

© Әшімханұлы Д., 2004
© "Елорда", 2004

Өмірлік серігім, бірінші окырманым Лиза Саяқзына!

Автордан

Көркем шығармада, мейлі, канша кейіпкер болмасын, оның басты кейіпкері біреу-ак. Ол – шығарма атты кең саҳнада бүкіл рөлді жалғыз ойнап шығатын Ұлы актер – автордан оті. Ол кай кейіпкерінің аузынан сөйлесе де, алдымен оның характерін ашуға, одан типтік бейне жасауға, сосын шығарманың ишкегінде озінің өмірге, когамға деген жеке көзкарасын білдіруге, адамдар арасындағы құрделі, құресті карым-катынастардан сыр-сипатын ашуға ұмтылады; сан түрлі құбылыстарға озидік бағасын береді; осы арқылы езі өмір сүріп отырган органдың немесе белгілі бір уақыттың психологиялық болмысын көрсетеді. Түйіндеп айтканда, жазушы табиғатынан туар көркем шығарма – оның өз дүниетанымынан, өз талғам-түсінігінен сыр берер озғаше бір сырлы өлемнің көрінісі болмак. Бұл жасамаңыз (!) қызметте талант иссі тек өмір дамуының диалектикалық заңдарына ғана бағынады, қалған жағынан басы бос, ой-князьында шектеу жок.

Ал... деректі публицистикадық шығармада аты-жөні белгілі канша кейіпкер болса да, оның да басты кейіпкері біреу-ак. Ол – накты бір көзенде, көпніде дәл қазірі уақытта автормен бірге өмір сүріп жатқан әлеумет – Халық. Автор публицист кім туралы, не туралы жазса да, оның негізгі фонында Халық тұрады. Мұндағы қалам иссі де, кейіпкер де – Халықтың төл тұмасы, екеуі де бір Уақыттың, бір Қогамның өз перзенттері. Ақиқат аясында бұлардың біріне-бірінің бағынуы, бірінің ырқына бірі жүруі екіталай. Бұл жерде екеуінің де үстінен қарап, үстемдік етер күш – накты өмірдегі накты шындық қана. Қосемсөздің көрігінде шындалар бұл шындыққа тәбе бідей төрелік ететін де – өлгі әлеумет – сол Халық. Автор публициске ең қыны да осы – артында Халық тұрғынын сезінү, Халыққа қызмет етудегі жауапкершіліктің ауырлығын сезінү, Шындық, Әділет деген үғымдардың қасиетті екенін сезінү!

Менің бұган дейінгі авторлық еншімде – прозалық бес кітап. Әркайсысы – бірер жылдың жемісі. Бөрі де – Бас кейіпкер – өзімнің

олім жеткенишінде өдіптеғен, шамам келгенішінде кестелеп-кеlestірген омірдің көркем шындығы. Ал қолыныздагы мына жинақ – Халық деген кара орманның мұны мен мұқтажын, мұраты мен мұддесін омірдің өз шындығымен өрнектеп шыккан мениң отыз жылға жуық енбегімнің елеп-екшелген, сүзіліп-сұрыпталған, талғам таразысынан откізілген іріктемесі.

Отыз жыл! Бұның қак жартысы – Кенестік кезең де, қалғаны – Казакстаниң жана дөуірі. Екі түрлі қоғам! Екі түрлі идеология! Екі түрлі халықтық психология. Бұл жинақты ұсынудагы мениң негізгі мақсатым да осы – мазмұндық, пішіндік, идеологиялық, психологиялық жағынан бір-бірінен айтарлықтай айырмашылыты бар екі кезеңнің жанды коріністерін жан-жакты алға тарту. Эр кезеңнің өзіне тоң қандай проблемалары болды? Ол проблемалардың бүгінде шешілгені кайсы, шешілмей жатканы не? Казақ журналистеріне кай уақытта да басты тақырып, өзекті өріс болып келе жаткан мөссолелер қандай? Төуелсіздікке жету жолында қаламгерлер қаншалықты енбек сінірді? Ұлттық ұлы мұраттар үшін енді не істейіміз керек?

Жинақтагы өр кезенде жазылған шығармаларды, дәлірегінде, дәйектер мен деректерді салыстыра қарап, сабырлы ой түйер оқырман болса, бұл сұрактардың көбіне жауап табар деген сенімдемін.

Белгілі бір уақыттың болмысы мен бітімін, тынысы мен тірлігін, характеристі мен қарекеттің нақты көрсету нистепінде кезінде көнінен пайдаланылған орыс және шетел сөздерін, терминдер мен қысқарған сөздерді сол қалпында, өзгертпей бергенде жөн көрдім.

Өз басым осы уақытқа дейін жарық көрген прозалық бес кітабым – бір тобс, осы жинағым – бір төбе деп білем. Өйткені, мұнда кірген публицистикалық шығармаларым арқылы өзім сүйген ел мен жер үшін аз да болса пайдалы істер істеген сияқтымын.

Осымен сөз томам. Бұл кітаптың ендігі іесі де, сыншысы да өздерің, оқырман!

I БӨЛІМ

*Көркемсөз тұрағы
қара сөз*

Жүсіпбектің сыншылығы туралы

1

Жүсіпбек Аймауытов ақталғаннан бергі үш жылға жуық уақытта оның өмірі мен творчествосы туралы көптеген материал жазылып, баспасөзде жарияланды. 1989 жылы «Жазушы» баспасынан «Шығармалары» жарық көрді. Оған кірген «Карт-қожа», «Ақбілек» романдары, «Құнікейдің жазығы», «Әнші», «Елес» повесть, әңгімелері, сондай-ақ драмалық төрт шығармасы тұнғыш рет кейінгі үрпақ кәдесіне жарады. Жанр бойынша бұлардың өркайсысына арнайы пікірлер айтылып, олар «Қазак әдебиеті» газетінде дер кезінде жарияланып та отырды. (Г.Бельгер. «Аймауытов айшықтары». 1989 ж, «Қара сөздің хас шебері», 1990 ж, т. б.). Ақиқаты сол – жоғарыдағы «Шығармаларынан» орын алған немесе одан орын ала алмай, кейін баспасөздерде жарық көрген туындылары Жүсіпбектің бүкіл рухани мұрасы емес. Әйгілі қаламгердің әр кезде жазған асыл дүниелерін: әдеби қөркем шығармаларын, ғылыми, сыйни, публицистикалық мақалаларын, аудармаларын қоңе баспасөздер мен архивтерден тауып, оларды араб харпі негізіндегі төте жазудан бүтінгі кириллицаға көшіріп, ол олжаларды алдымен газет-журналдарда жариялай келіп, кейін шығармаларының то-лық жинағын шығару – баршамызға парыз. Парыз ғана емес – міндеп. Өйткені, ұлттым, жұрттым, үрпағым деп жарғақ құлағы жастыққа тимей өткен аға үрпактың, әсіресе «қалың елі – казағы» үшін қаламымен коса бүкіл қажыр-қайратын жұмсаған Жүсіпбек секілді арлы үрпактың артында қалған кез келген кениш-мұрасын ұлттық байлығымыз деп түсінген жөн. Ендеше, ұлттық байлықты ысырап етпес болар. Екінші ақиқат – Жүсіпбек жөнінде жазылған өзіргі эссе, естелік, зерттеу мақалалар тыңға түскен алғашкы түрен ғана. Түрен тісін неғұрлым терең батырып, алпыс жыл бойы тусырап жатқан рухани «тың-ның» пүшпак-пүшпакына дейін із салып, оның қабат-қабат қыртысын қопара сыртқа шығарғанда ғана сахи дүние саф болмысымен көрінбек. Бұл – бейнелеп айтқандағы сөзіміз. Ал белінен басып сөйлесек, Жүсіпбектің өмірі мен өнері, талантты мен таным терендігі – таусылып бітпес әңгіме, сарқылып болмас қазына. Бұны біз хас таланттың қазір қолымызға тиген шығармаларынан-ақ сезіп, біліп отырмыз. Олардан түйер ортақ түйін: Жүсіпбек – профессионалдық, ұлттық әдебиеті-міздің дамуына өлшеусіз енбек сіңірген санаулы санлактың бірі. Бұл жағынан ол – өрі ұстаз. Егер сонау бір соқтықпалы кезеңнің өзінде қосарлана шауып, қосамжар есіммен белгілі болған «Екеудің» (псевдоним) бірі – Мұхтар, бірі – Жүсіпбек

болса, Кенес дәуіріндегі казақ әдебиетінің айтулы шебері Габит Мұсіреповтің өзі: «Менің ұстазым – Жұсіпбек» десе, ол неге ұстаз болмасын! Бір сөзben айтқанда, Жұсіпбек Аймаутов деген есім қазақ әдебиетінде талайға ұстаз болған, талайға өлі де ұстаз бол кала береді. Оның бір айғагы, соңғы екі жылда ғана әдеби ортада «Жұсіпбек сиякты жазады екен», «Аймаутовқа ұксайды» деген сөздер жиі естіле бастады. Бұл – бір. Екінші, осы әдеби ортасын, оның ішінде әсіресе кейінгі екі-үш буынның отызыншы жылдарға дейінгі әдебиет, әдеби көркем сын, мәдениет, казақ интелигенциясы туралы таным-түсінігіне ол (Шәкәрім, Ахмет, Мағжан, Міржақып, Ғұмар Карапашев, т.б. әдебиет, қоғам, ғылым қайраткерлерімен бірге) төңкеріс жа-сағандай болды. Ен бастысы, сол отызыншы жылдарға дейінгі әдеби, мәдени жәдігерлерден дәл қазір де үйрене беретін әдемі үлгілер бар екен. Олардың бәрін бір мақалада салалап көрсетіп, санамалап айтып беру кын, бұл жолы біз тек әдеби көркем сын ҳақында ғана сөз сабактамақпаз. Тілге тиек етеріміз – Жұсіпбектің «Мағжанның ақындығы туралы» макаласы. Біз макала дегенмен 1923 жылы «Лениншіл жас» журналының 5-санында жарияланған алғашқы нұсқасында Жұсекен өған «Ташкенттегі қазақ студенттеріне етілген баяндама» деп сілтеме берген. Ендігі сөз осы «баяндама» барысында. Дәлірегінде Жұсіпбектің сыншылығы жөнінде.

2

Жұсіпбек – бірінші кезекте прозашы, сосын драматург, публицист, аудармашы. Ал сын саласында, көне көз қаламгерлердің, әсіресе белгілі ғалым-жазушы Қайым Мұқаметхановтың деректеріне қарағанда, ол (Жұсекен) кезінде Сұлтанмахмұт Торайғыровтың өмірі мен шыгармашылығы, Л.Н.Толстой, В.Г.Короленко, М.Горький әңгімелерінің казақша аудармасы, сондай-ақ кейбір тәлтума пьесалар мен спектакльдер төнірегінде ойлы макалалар жазған. Редакцияға Қайым аға тапсырған олардың бір-екеуі ғана қолымызда бар. Сондықтан Жұсіпбекті сыншы ретінде қарауға әзірше жалғыз «баяндаманы» негіз етуге тұра келді.

Осы тұста мына мәселенің басын ашып алған жөн. Бір ғана «баяндама» бойынша Жұсіпбектен сыншылық іздеуімізге қандаій кажеттілік болды? Жалпы осы макаланы жазудағы басты мақсатымыз не? Аталған еңбекте Жұсекенің өзі айтқандай, біздікі әншіейін мықтыны «ат қылып мініп, әбүйір-атак іздеп, көзге түсем деушілік» пе? Әлде, әйтеуір, жұрт Жұсіпбек туралы айтып жатыр екен, мен де бірдене деп қалайын деген алаөкпелік пе? Жок, бірі де смес. Бұл еңбек жөнінде бізге қалам

алғызған – көркем әдеби сыйнымыздың дәл бүгінгі жағдайы. Мәселен, айтыңызы: соңғы бірнеше жыл қолеміндегі қазақ әдебиетінің бір тірі өкілі туралы жан-жақты сөз сабактап, оның шығармашылық енбегін әлеуметтік шындықтармен терен байланыстырып, ағын ак, қарасын қара деп, әрі мәдениетті, әрі өткір жазылған қандай сыйнды білесіз? Ал біз білетін сыйнның, амал не, өткірлігі болса, мәдениеті жетіспейді, мәдениеті болса, әділеті, әділеті болса, әлеуметтік мәні келте келіп жатады. Егер тұбірден тартып қозғасақ, әдеби сый жеке қаламгерлер үшін қолшоқпар да, қолпаشتаушы да, қолтықтан демеуші де емес, тұстастай әдебиеттің қозғаушы күші, оған бағыт-бағдар сілтейтін шамшырағы болуы керек-ті. Сыйншы сол жеке қаламгер шығармашылығы (творчество-сы) арқылы өмір, қоғам туралы өз ойларын да ортага сала білер санаткер болуы керек-ті. Әр кезде мұндаи денгейге көтеріле алмай жүрсек, бұған тек сыйншыларға ғана кінәлі болмас. Кешегі қүнге дейін ең еркін болуға тиіс әдебиетке де үстемдік көрсетіп, әмсес үстінен қарап келген партиялық өктемдіктің, соның ықпалымен дүние-ге келген социалистік реализмнің «әдебиетке таптық көзкарас» деген жартыкеш қағиданың сыйнға да салқынын тигізгені анық. «Салқыны» деген – тым сыйпайы сөз. Белгілі бір кезендерде сый казылышқтан гөрі жендептік қызмет атқарғаны да белгілі. Қазақ әдеби сыйнның көркем әдебиеттен көш кейін қалуының бұл – объективті себептері. Ал субъективті себептерін Жүсекенің өзі бізден бұрын-ақ айтып кеткен екен: «Замана сыйншыларының бүйрекі не олай, не бұлай бұрып кетпей тұрмайды. Талай таланттардың, талай жақсылардың кадірін жұрт өлген соң біледі. «Алтынның қолда барда қадірі жоқ» дегендей. Замандастар, тұстастар әділ болу қыын, өйткені не заманнан қаймығады, ақынды заман өлшеуішімен өлшейді; сыйншылардың көбі не ақынды жактаушылар, не бықсыған қүншілдер...»

Алпыс жылдан астам уақыттан кейін «Лениншіл жас» журналынан (№5; 1923) «Қазақ әдебиеті» газетіне (№4–5; 1989) қайта көшіріліп басылған «Мағжанның ақындығы туралыдан» осы жолдарды оқыған кейбір қаламгердің: «Құдай-ау, мынасы дәл бүгінгі сыйншыларға айтылған ғой. Жүсекенің бері жалпақ дүние қанша өзгерсе де жан дуниеміз қалай өзгермелеген!» деп таңданғаны бар. Біздіңше таңданатын дөнене жоқ. Жоқтан өзгеге таңданып, таңдай қаға беру болмыс сирин я білмеуден, я ескермеуден шығады. Қай уақытта, қай елде, қандай қоғамдық формацияда болмасын барша адамзатқа тән ортақ қасиеттердің: парасатпен бірге пасықтықтың, адамдықпен қоса пендешіліктің, даркан талантпен қатар дарынсыз құншілдіктің қос өрімдей қосақталып жүруі – диалектикалық зандылық. Мәнгі өлмейтін, мәнін жоймайтын, кез келген кезенде жана айтылғандай жалпыға «бәрекелді!» дегізетін сөз – осы занды-

лық негізінде туындастын сан түрлі кесел-кесепат пен жақсылық-шарапатты адамзаттың құрес практикасынан қорытып, пісіріп берген сөз болса керек. Мын жыл бұрынғы Қорқыт ата сөзі мен жұз жыл бұрын айтылған Абай даналыктарының бүгін де қажетімізге жарап жатуы, сондай-ақ қажет кезінде қазір де қадым заманғы қытай философи Конфуций мен өткен ғасырдағы орыс ойшылдарына жүгінетініміз сондықтан. Егер Жұсекен: «Талай таланттардың, талай жақсылардың қадірін жұрт өлген соң біледі» десе, бұл тек қазақ жұртына немесе сол Жұсекен әмір сүрген уақытқа ғана төн жағдай емес. Бұл сөздің кешегі құндылығы сол – Жұсекенің Мағжан өлеңдерінің өлмес, өшпес рухын дер кезінде тануында, сондай дүние тудырған ақынды тірісінде бағалайық, сактайық деген емесурін сезіріүндегі. Бұл сөздің бүгінгі әсері сол – кезінде Мағжанға қарата айтылған осы ойдың енді Жұсекенің өз «қадірін» де білдіретіндігі. Жұсекен дейміз-ау, «талай таланттардың... «қадірі» дегендеге, бүгінде Мұқағали, Жұмекен, Кеншілік жөнінде жан-жақтан жазып, жабыла кіріспін кеткеніміз тағы еске түседі.

Қыскасы, «Мағжанның ақындығы туралы» баяғы Мағжанды танытумен катар қазіргі коғамдық, шығармашылық хал-ахуалымыз туралы, бүгінгі талай таланттарымыз берілгенде жақсыларымыз туралы ойлантуға да жетелейді. Бізге осы макаланы жазуға ұмтылдырған да, ен алдымен, оның танымдық жағынан бұрын тағылымдық мәні еді.

3

Кейде бір шығармасын жазарда қаламгердің «осыны айтсам» дейтін ой-идеясынан бөлек «осы үшін жазсам» деген, онысын тек өзі ғана біліп, ақыл-парасатын іштей соған бағыттап отыратын жеке мақсаттары да болады. Айталық, М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясында этнографиялық суреттеулердің өте көп кездесетіні, кей сөтте олар тіпті тәптиштеліп, түсіндіріліп берілетіні де бар. Екі казактың бірі білетін мұндан жайларды алға тарта берудің қандай қажеттілігі болуы мүмкін? Мәселе мақсатта ма дейміз. Ұлы жазушы сол ұлы шығармасы арқылы бұрынғы казак тұрмысына тән салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды өзге де жұртқа жеткізуді көп мақсатының бірі де бірегейі етіп ұстағандай. Ал Жұсіпбектің Мағжан туралы жазудағы мақсаты? Біздіңше ол үш нысананы қөздейген. Бірінші – ақын талантын таныту арқылы ен әүелі оны қөлденен сөз, ешкі көз, «бықсыған құншілдер» мен әпербақан сыншылардан қорғау. Екінші – «буыны бекіп, бұғанасы қатпаған әдебиетті тәрбиелу» үшін профессионалды көркем әдебиет сыннының жаңа үлгісін жасау. Сосын Мағжан шығармашылығын талдап-тара-

та отырып, ақын өсіп-өнгөн орта — казақ әдебиетінің сыр-сипаты мен ерекшелігін, өсіреле оның отарлық жағдайдағы хал-ахуалын көрсету.

Жұмыс процесінде автор соңғы екі нысананы тіпті тікелей мақсат етпеуде мүмкін. Бірақ қалай топшыласақ та оның басты көздегені — Мағжан басына үйірліп келе жатқан қара бұлтты күні бұрын сезіп, ақынға араша түсү екені айдан анық.

Іә, ол уақытта — жиырмасыншы жылдардың басында-ак Мағжанның қатерлі қарауылға іліге бастағаны айқын еді. Көп жағдайда жасын да жалғыз ағашқа түседі. Мағжан — төңкеріске дейін де, кейін де жан-жағынан азынай сокқан қара дауылдың ығына қарай қисаймай, оның азалы да азапты зарын азғантайғана жұртына айна-қатесіз жеткізіп, өр «жапырағы» сыр шертіп, өр «бұтағы» қыл қобыздайдың күніреніп түрған жапанды жалғыз дараптай еді. Сол сарынмен, сондай сазды өуенмен, шыншылдықпен 1923 жылға дейін (Жұсіпбек сыйнаған дейін) ол үш кітабын шығарып үлгерді. Жұрттың елден ерек танығаны — Мағжан болды, өзгеден таппағанды олар Мағжаннан тапты. Мағжан шығармаларындағы мөлдір махабbat, сыйбызыдай сыршылдық, ескі күндердің әдемі суреттері, өмсө еркіндікті аңсаған халықтың баяғы батырлық, ерлік, елдік дәстүрі ендігі мына тұманды да бұлдыр күндерде санасты сан сакқа жүгіріп, сарсанға түсken қалың бұқара үшін әрі алданыш, әрі сағыныш еді. Сол үшін де оны елі сүйді, құрметтеді. Сонысы үшін де ол біреулерге кара сүйелдей көрінді. Уақытына орай дәл осындай ақынның — халқын қалың үйқыдан оята білетін, сыршыл да шыншыл, білімді де білікті, сезімтал да жүректі ақынның аса қажеттігін, оны қолдан келгенше корғау керектігін түсінгендер аз. Аздың ішіндегілер — Ахмет, Жұсіпбек, Міржакып, Мұхтар, Смағұл (Сәдуақасов), Даниял (Көкітайұлы) сиякты санаулы санаткер ғана. Бұлар Мағжанмен бір бағыттағы, бір пікірдегі адамдар еді.

Бағыт, пікір демекші, Мағжанға қарсылық негізінен екі түрлі жағдайда туындаған секілді. Алдыңғысы — идеялық кайшылық. Оның бір ұшынан ұстағандар — жаңағы бағыт, пікір жағынан Мағжаннан аулак, жаңа заманның тапшыл, жаңашыл қағидаларына бар болмыстарымен сенген, ол жолда Мағжанды қойып, бірге туған аға-бауырды да байлап жіберуден таймайтын, домна пеш жылтыппас догматиктер. Олардың көбіне-көп сүйенері — Маркс, Плеханов, Троцкий, Луначарский... үлгілері. Еуропа, Ресей қоғамдары. Ал Маркстің кейбір идеялары «кәсібі мал баққан, әлеуметі ру басыға бағынған» казақ елін былай қойғанда, капиталистік жолға әлдекашан түсіп үлгерген Ресейдің өзіне конымды бола қоймасын, Плеханов, Троцкий, Луначарский қағидалары қандай қоғамдық ортада туғанын ес-

керуге, ескере тұрып оны өз елінің әлеуметтік, экономикалық, мәдени ерекшеліктеріне сәйкес корыта ой қозғауға бұл «қайраткерлер» бір жағынан дәрменсіз, скіншіден шарасыз еді. Сондықтан да олар Мағжан, Жұсіпбек сынды ел деп еңірегендердің төбесінен кику кетірген емес.

Мағжан тап болған екінші қарсылық пәннөйі пәндешиліктен өрбісе керек. Бұған, қызғаныш пен күншілдікке берілген адамдар ақынға деген бүкіл өшпенділік отын аямай үрлеп, қаскейлік қоламтасын үнемі қоздырып отырганы байқалады. Мәселен, сол кездегі белгілі синшылардың бірі Габбас Тоғжанов өзінің 1926 жылы Мәскеуде жарық көрген «Жұсіпбектің сыны, Мағжаның ақындығы туралы» деген кітапшасында ақынды екі сөзінің бірінде «байшыл, ұлтшыл, ескішіл, діншіл, шығысшыл, тұрікшіл» деп кінәлаганымен қоймай, оны ең ақыры әйелкүмар, нәпсінің құлы, женілtek етіп көрсетуге үмттылған. Қараныз: «Мағжан – байшыл, идеяшыл ақын. Казак даласында ерке, бұла болып есken ақын. «Ақ отау, торт тұлік мал, сары қымыз, әдемі қыз». Міне, Мағжанның үяда көргені. Қазак оқығандарының көпшілігі казак даласына, «ардакты ерке» ғой! Оқыған елде қадірлі, өсіреле казак қыздарына қадірлі. Қыз арасында қазіргі бар, ерке есken казак оқығандарының құлық-мінездері Мағжан өлеңдерінде анық көрінеді. Мағжан ерке есken оқығандардың ішіндегі алдымен көзге түсіп, ауызға алынатын оқығаның бірі. Мағжанның «еркелігі» тіпті күшті. Бұл «гүлді» де, «құлді» де құшағына алған. Мынау «құл», мынау «гүл» деп талғамаған. Сүйгісі келген, көнілі шапқан әйеліне Мағжан:

«Құшакта да, койнынды аш,
Бұғактан бір сүйейін,
Сүйейін де күйейін!»

(«Сүйгенім анық»)

«Бұл ләzzаттың бір минетін бермеймін,
Патша тағы, бүкіл дүние малына.
Ләzzат, рақат, бақыт бәрі койнында,
Сұрамаймын енді ұжмақ жаксы жәй...»

(«Сүй, жан сәулем тағы да»)

дейді ақын. Қазак байының қолы жете қоймайтын ең үлкен арманы «патшаның тағы, дүниенің малы ғой!» Мағжан қыз сүйгенін, койында жатып, ләzzат тапқанын, соған да айырбастамайды».(65-бет)

Сол кездің өзінде бірнеше оқу орнында (Омбы гимназиясы, Орта Азия университеті, Москва халық шаруашылығы ин-

ституты) оки жүріп үнемі идеологиялық басшы қызметтер ат-қарған азаматтың сыны да – осы, сөзі де – осы! Кай жағынан болмасын Мағжанға қамшыны аямай сілтеу. Мағжанға оның идеялық сенімі сәйкес келмеуі бір басқа, ақынның жеке басын да өте жек қөруі, қызғаншақтығы мен күншілдігі аталған кітапшаның өр парағынан анқып тұрады.

Жұсілбек сыны осындай содыр сынның сойылы ақын басына әр түстан енді-енді көтеріле бастаганда жазылған. Ол сок-қыдан Мағжанды қорғау үшін колға қандай қалқан ұстау керек? Жұрттың қебі марксшіл. Бәрі де ойын Маркс сөзімен тұздықтауға құмар. Ал шын мәнінде өмір, тұрмыс, шындық туралы Маркс не дейді?

Іә... «Маркс не дейді?» Жұсілбек баяндамасына үлкен бір тақырып ретінде осы сауалды қояды да, жауабына: «Сана-ны, пікірді тұрмыс билейді» дейді» деп сөзін бірден теренін сабактай жөнеледі. (Бұнысы – жалаң марксшілдердің өз каруын өзіне жұмсауы ма дейсін). Материалистік, идеалистік фило-софияның қай-қайсынан да терен білімі бар ол бұдан әрі Маркстің осынау ұлы тұжырымының мән-мағынасын қордалы ой қазанында корыта келіп, практика тұрғысынан оны кара-пайым тілмен түсіндіруге үмтүлады. Алыстан бұлай орағыту-дың қажеттілігі сол – алдымен Мағжан өсіп-өнген орта – казақ әдебиетінің өзіне ғана тән шаруашылық, тұрмыстық ерекше-лігін ашып көрсетпейінше ақын шығармашылығын өділ баға-лау киын еді. Өйткені «әлеумет әсері тимейтін, әлеумет-тен құрық алып шығып кететін ешбір адам болмак емес. Олай болса, ол заманның ақыны сол замандағы әлеуметтік тұрмысымен, әдет-ғұрпымен, максатымен, салт-санасымен суырылып, әлеуметімен біте қайнап өсіп шықпақшы». Құдай берген құдіретін сый-сияпатқа айыр-бастап, заманның ығында, мықтының ықпалында жүретін көп өлеңшіден нағыз Ақынның айырмашылығы да сол өзін тудырған әлеуметінің көзі мен сөзі, музасы мен мұны бола білуінде той. Мағжан осындай дәреже, осындай биікке көтерілген ақын еді. Оның қамтыған өрісі – не қарақұрым майды Қарымбайдың, не қаратабан шаруа Мырқымбайдың ғана жайы емес, жал-пы қазақ жұртының тынысы. Бұл тыныстың жылдан жылға тарыла түскенін ақын жүргегі өзгеден бұрын сезді, өзгеден ерек жырлады. Туған жері – Сасықкөлге «итиіп қара шекпен келіп конса», кешегі саумал иісті сары даласына енді «Айналасы – тұман, тұн, Дем алысы – от, тұтін» қалалар орнығып жатса, баяғы «Қасымның қасқа билігі, Есімнің ескі билігі» ұмыты-лып, елді үрлық-карлық, паракорлық жайласа ақын қалай: «Көрген сайын, көп қысым, зарлы, ашы дауысым шырқыраң

Сарыарқада» демесін! Бұл – ақынның ғана емес, отарлық құрсаудағы қалың қазактың аңы зары-тұғын. Ақынның азаматтығы сонда – әр қазактың ішінде өксік болып тығылып, запыран болып жатып жатқан осынау аңы зарды жалпак жұртына жан айқайымен жеткіз білуінде еді. Шындығында, жеткізейін, айтайын демейді, айтпасқа, жыламасқа ақынның амалы жоқ тәрізді. Мағжан жырларындағы шыншылдық, шынайылық соған мегзейді, соны сездіреді. Мейлі ол күлсін, күніренсін, мейлі торығып, түнілсін – бәр-бәріне сенесіз. Сенесіз де сіз де күйініп, құрсінесіз. Өйткені ондағы (Мағжан жырларындағы) лирикалық кейіпкердің сан түрлі сезім сапырылысы көп жағдайда халық тағдырынан туындал, ел өмірімен етene үштасып жатқанын көресіз. Шын мәніндегі азаматтық поэзия дегеніміз осы болса керек. Ал социалистік реализмнің тұмса тұнғыштары мен біз сияқты сұт-кенжелерінің үғымындағы «азаматтық поэзия» – бері айтқанда, «отан», «партия», «туған ел», «ұлы женістер» туралы мадак (ода), ары айтқанда, жалған патриотизм екенін енді мойындақ болар. Мағжанның ақындық тұлғасын асқақ көтеріп, атын алыска жеткізген де, өмір жолын бірде қияға, бірде қиянға жетелеп, акыр сонында оны құрдымға әкеп тіреген де осынау азаматтық жырлары еді. Ол махабbat, табиғат, интимдік лирикасымен де казак поэзиясынан қадірлі орнын алатын еді, бірақ ел мен жер, ұлт пен үрпак тағдырынан ақындық отауын оңаша тігуге азаматтық ары жібермегені анық. Ақын күн санап сол ардың садағасы болып бара жатқанын кей мезетте өзі де сезіп отырғаны байқалады. Сондай мезетте, өсіреле замана зауалы төніп қалған кездे амалсыз қорғануға, шарасызың шегінуге мәжбүр болғанын да көреміз. Бір қызығы, мұнданай мақсатта жазылған жырлары шын қоңілден шықпағандығын, жасандылығы мен жалғандығын жасырып қала алмайды. Мәселен, «Леонид Исаевич Мирзоянға» арнаған «Қаламыма» атты өлеңін қараңыз. Бас-аяғы үш-ак шумак болғандықтан толық келтірейік.

«... Енді бетім, елді көр енбек емген,
Басында бағы жанып, күндей күлген.
Қомданып, қас қырандай каруланып,
Алыстан орағытқан жауға төнген.

Осы бетім – ак ниетім, елге ере алсам,
Гүлденген өмірге үндес жыр бере алсам.
Социалды Отанды қанмен қорғап,
Керек болса кезінде жан бере алсам.

**Осы бетім – ақ ниетім, келдім бастап,
Жаңымнан бар жараны сылып тастанап.
Еңбекші ел, ашуы ұшан, мейірімі мол,
Жаңымды тарттым саған жалаңаштап».**

Осындай сыртында сыны, ішінде сырды шамалы, арзан кол дүниені Мағжан неге жазды дейсіз ғой? Жауабын тек жалғыз шумак «Жамбылға» деген өлеңінен оқыныз.

«... Жан аға! Шықтым өлімнен,
Халімді менің көрсейші.
Жаңың ұрға көмілген,
Нұрыннан ұшқын берсейші!..»

Бұл екі өлеңнің қайсысы жүректі жарып шыққанын айтпасақ та болар. Алайда алғашқы ұш шумактын ойлы оқырман жүргегін қан жылататыны және рас. Несімен? Қөркемдігімен, әлде терендігімен? Жоғө! Кешегі жырымасыншы жылдары «исламшыл», «түрікшіл», «шығысшыл» болудан да, тіпті «ұлтышыл» атанудан да корықпай, айтарын айтып, жырлайтынын жырлап, бар таланттымен, қайраттымен көрінген қайсар қынның отызыншы жылдары осындай мұскін де мұшкіл күйге түскеніне жаңын жабырқап, қөнілің құлазиды. Заманға нәлет айтасыз!

Заманның Мағжанды өстіп түбінде бір тұқыртарын Жұсіпбек ерте сезгендей. Оған соншалықты көріпкелдіктің де көп қажеті жок еді. Төңкеріс мақсаты белгілі. Саясаттың беті ашық. Кім нені жазуы, нені жазбауы керек деген мәселенің ұшқыны сол жырымасыншы жылдардың басында-ақ жылтырап көріне бастаған. Бұл ұшқын ертеңгі күні өрт болып лаулаштын болса, оның жалыны алдымен өліге дейін «Қоркыттын» қобызын тарташып, «Сорлы қазак», «Күншығыс», «Бостандық», «Қазак тілі» деп каксан жүрген Мағжанды шарпітініна дау жок-ты. Дәлірек айтқанда, қай замандасы қалай десе де, Мағжан жаңа өмір, жаңа қоғамдық құрылышты бірден қабылдай алмағаны (іштей өмір бойы қабылдамай кетуі де мүмкін) анық еді. Неге? Не үшін? Жұсіпбек бірінші кезекте осы сауалдарға терең де дәлелді жауап бергенде ғана Мағжанды өрі актауға, өрі оның талант құдіретін танытуға болатынын түсінген тәрізді. Сыншы бұл мақсатына жету барысында әуелі қазак әдебиетінің шаруашылық, тұрмыстық, дәстүрлік, нағым-сенімдік, тіпті ұлттық мінез-құлық ерекшеліктеріне дейін ашып көрсетуге ұмтылады. Сондағы көздер нысанасы: Мағжанның үні, қайғы-мұнды, қасіреті, жылт еткен үміт ұшқыны мен алыстан ансар арманы – бәрі-бәрі өз халқының бастан кешкен, кешіріп жаткан жайы екенін жеткізу, түсіндіру болса керек.

Кыскасы, Жүсекен осынау «баяндамасында» Мағжан шыгармашылығын тілге тиек ете отырып, ақынды ол өмір сүрген орта мен уақыт болмысынан бөлек алып «тексеруге» болмайтындығын, бұл екі ұғымды (субъект, объект) бір-бірімен тығыз байланыста қаралғанда ғана тұра ақиқатқа жол ашылатындығын алға тартады. Бұл жағынан Жүсекен – әрі қоғам тануышы, әрі философ, әрі ақынды коргаушы-адвокат.

Адвокат! Сыншыға теліген қызық сөз. Алайда, бір шындығы «баяндаманың» өн-бойынан Жүсіпбектің сыншылық сипатынан ғөрі адвокаттық әрекеті көбірек байқалады. Яки сөз басында Жүсекеннің өзі айтқандай, «заман сыншыларының бүйрегі не олай, не бұлай бұрып кетпей тұрмаса», бұдан «баяндама» авторы да су жүктырмай сыйылып шыға алмағанын, көп жағдайда онын өз бүйрегі де Мағжанның жақсылығына қарай бұрыла бергенін көреміз. Мәселен кейін тұстарда ол Мағжанды сынап-ак тұрғандай болады, бірақ артынша оны қалай актап алғанын өзі де сезбей қалатын секілді. Мысалы қараныз: «Әрине казактын халі ақынды сонша зарландырғандай ауыр деп айтуға болмайды. Төңкерістен кейін жұртшылыққа кірісіп, азamatы қызмет істеп, казактын жастары леклегімен оқып жатыр. Аз да болса келешектен үміт барғой. Осынша кайғырып, зарлануға бола ма? Жетектеуге көсемдік көрсете, кайрат-жігер бере жазғаны дұрыс қой. Бұл жағынан қарасак, Мағжанға уайымшылсың деп кінө қоюға болады» – дейді кәдімгі сынаган сынай танытып. Сосын іле-шала: «Бірақ оның табиғаты сондай нәзік, болмашы нәрсе оны жабықтырады, болмашы нәрсе куантады, онын сезімді жүргегі, ұшқыр киялы «ұжмак» сынды сөүлетті (идеальный) өмірді көксейді, бүгінгі жабайы тұрмыска, сүр өмірге канагат етпейді. Сондықтан ол корықкан ақын болып шығып отыр» – деп актап ала қояды. Ең тамашасы, сыншының екі түрлі уәжіне де келіспеуің қын.

Сондай-ақ жөне бір жерде Жүсекен: «Ақынның қасиеті – заманға жанғырық, өлеумет тұрмысындағы зор оқиғаларға айна болып, тарихи із, тарихи материал (дерек) қалдырып отыруында. Бұл жағынан Мағжанның кемшілік жерлері бар», – дейді де, 16-жылғы оқиғаларға байланысты ақын «Орамал» деген жалғыз-ак өлең жазды, үлттың ыстығына күйіп, сұығына тоңам деп жүрген ақынның мұнысына көніліміз жарымайды дегенді айтады. Иә, солай дейді де: «Бірақ бұл кемшілік талай зор уақыттарда болған. Атакты Пушкин өз заманындағы оқиғаларды түгел сүрреттей алмаған, қайта Гоголь өлеумет мінін көбірек көрген» деп Мағжанның алды-артын тағы бір қымтап қояды.

Бұдан біздің болжайтынымыз: Мағжанды біреу қай жағынан сынауы мүмкін, ал оған қандай уәж айту керек деген екі мәселені Жүсекен екі тізгіндегі қатар ұстап отырған. Сөйтіп ол Мағжанды мейлі «сынасын», мейлі актасын, қалай да оны жана өкіметтің жауы емес екенін дәлелдей түскісі келетіндей. Мемлекет бар жерде ұstemдік болмай қоймайтыны белгілі. Ал ұstemдік тізгінің ұстағандар қай кезде де сөз өнерін бұғалықтап, орақ тілдін ауыздықтап отыруды ұмытпаған фой. Өйткені елді сонынан бір ертсе – солар ғана ерте алатынын білген де. Жүсіпбек осы жайды ескерді ме, кім білсін, сөз сонына таман мынадай қызық пайым жасайды: «Мағжан терең ойдын ақыны емес, ол заманды суреттеуге шебер емес. Ол келешекті болжап, жүртты сонынан ертетін пайғамбар ақын да емес. Мағжан – сыршылдығымен, суретшілдігімен, сөзге еркіндігімен, тапқыштығымен күшті, маржандай тізілген, торғындағы үлбіреген нәзік үнді күйімен, шерлі, мұнды зарымен күшті».

Соңғы сейлемдегі ойларға түгелдей қосылмасқа лажын жоқ. Мағжан шығармашылығының ең көрнекті тұсы да осы өрісте жатқаны рас. Ал бастапқы тұжырымдарға қалай қараймыз? Әсіресе, Мағжанның «заманды суреттеуге шебер еместігіне» келісе аламыз ба? Егер ол бұған «шебер» болмаса, тек кана ма-хабbat пен табиғатты жырлап жүре берсе, «ұлтшыл, түрікшіл, шығысшыл» атанып несі бар? Заманды жырлап зарламаса, «қазағын» айтып қақсамаса – интернационал-идеологтар оған қаламын безеп, каруын кезеп қайтеді! Әрі-берідесін Мағжанды романтизмге жетелеген де оның заман зарынан жеруі шығар. Әйтпесе:

«Бар жерді қүннен күнге алып жатыр,
Біреулер алып қала салып жатыр.
Қырылышып өзді-өзімен қазақ сорлы,
Жерінен аузын ашып қалып жатыр», («Қазағым»)

деген сияқты шумактарда заман суреті жоқ деп кім айтады?

Сонда бұны Жүсіпбек оқымады, түсінбеді дейміз бе? Жоқ. Біздіңше, мәні басқада. Мағжанды қызылқөздерден қызыштай корғағысы келген Жүсіпбек жоғарыдағы сөзін айтқанда, ақынның дәл сондайға «шеберлігін», «пайғамбарлығын» жасыруды, пәленің бетін бұруды ойлады ма деп тон пішесін. Өйткені «баяндама» сонында: «Мағжан – терең ойдын ақыны емес» деп тағы да шегелеп тұрып қайталауы тегін болmas.

Мағжан шығармашылығының мазмұндық ерекшелігін жіктеп, жіліктеп беруде Жүсекен, міне, осындаі азаматтық, зерделілік танытса, енді оның пішіндік жағын «тексергенде»

өзін тамаша үстап, талғамды да мәдениетті жан ретінде көрсетеді.

«Өлеңнің тілге женіл, құлаққа жылы тилюін Абай да іздеген, Абай да сөздің ішін мәнерлі, тонын сұлу қылуға тырысқан, бірақ дыбыспен сурет жасауға, сөздің сыртқы түрін әдемілеуге Мағжанға жеткен ақын жок» деген бір сөйлемінде қаншама ой, қаншалықты өділ баға жатқанын сезесіз бе?!

«Сылдырып, сылдырып, сылдырып,
Сыбырға айналады сылдырып.

Жүректі өртеді құрғыр»-ды оқығанда, манайының бәрі сылдырлап кеткендей боласын», — дегеніне иланбай көр! Сұлулықты сұлу сөзben жеткізе білу де үлкен өнер-ау!

Жүсекен Мағжан өнерінде еліктеу де болғанын жасырмайды. Онын көрсетуінше, ақын кезінде Бальмонттан бастап, Абай, Фабдолла, Тоқай, Ахмет, Міржакыпқа дейін ұқсатып өлең жазған. Олардан мысал келтіргенде кей шумакты Мағжан тіпті көшіріп алғандай көрінеді. Бірақ Жүсекен бүгінгі бір білгіштер секілді ит жылғы тезектен қылышқа көргендей байбалам салып жатпайды, еліктеу алғашқы кезде бар өнерге тән екенін сипайығана айттып өтеді.

«Мағжанның ақындығы туралы азды-көпті байқағанымызды айттық. Қалғаны болса, окушылар жеткізе жатар деп, сөзімізді бітірдік», — деп Жүсекенің өзі айтқандай, Жүсіпбектің сынышылығы туралы азды-көпті оймызды, міне, біз де ортаға салып біттік. Тек сол оймызды бірер сөзben түйіндер болсақ:

«Мағжанның ақындығы туралы» — казақ көркем әдебиеті сынының алғашқы эталлондарының бірі де бірегейі;

ол — әдебиет сынының тамаша үлгісі ретінде өлі де талай үрпақтың қажетіне жарай берері сөзсіз.

1990 ж.

Даму мен дағдарыс

Небір тайғакты тағдыр кешкен еліміздің ұлы тарихын, тарих бетіндегі аламыш-аламыш ақтандактарды, санамызда сан жылдар бойы сарытап болып сіңіп қалған кейбір тұракты тұжырымдар мен бір жақты қағидаларды Қайта құру қайта қарап, бәріне жаңаша баға беруге жол ашты. Жалпы Одақтағы жаңа-руларды былай қойғанда, республикамыздағы рухани-мәдени өзгерістердің өзін тағы да тәптіштей айту артық. Бұл мақалада

біз тек әдебиет туралы, онын ішінде казак совет әдебиетінің белгілі бір кезеңдердегі сипаты хақында қадау-қадау ой-пікірімізді ортага салмақпыз. Сабырмен саралап, байыппен бағамдай білсек, бұл ынғайда айтылар сөз аз болмаса керек. Жалғыз мақалада оны түбірінен тартып, түп-түгел таратып шығу жөне мүмкін емес. Демек, біздің тәмендегі ойларымызды – негізінен әдебиет зерттеушілері мен қаламгерлерді, сосын қалың оқырман қауымды келелі кенеске шақыру, кенесе отырып, «акиқаттың ақ сөулесі түспей жатқан мынадай мәселелердің бетін ашсақ, сөйтіп туған әдебиетіміз төңірегіндегі көп түйткілдің түйінін бірігіп шешсек» деген ниет деп түсінген жөн.

1

Бір аксақалдық ғұмыры бар қазак совет әдебиеті жөнінде бүгінге дейін көбірек оқып-естігеніміз: Октябрьден кейінгі жана дәүірде жазба әдебиетіміз жан-жакты дамып, гүлденді; жанр жағынан байыды, пішін-бітімі түрленді, «екі-ак проценті сауатты» халық жарты ғасырда эпостан эпопеяға дейін өсті; әлемге әйгілі «Абай жолы» дүниеге келді, т.б. Бұдан әрі сандық көрсеткіштер: қазір Қазақстанда мынадай баспа, баспасөз орындары бар: жыл сайын олар қазак тілінде осынша миллион өнім шығарады; қазак қаламгерлерінің шығармалары мынанша тілге аударылды!.. Бәрі рас. Бірін де жоққа шығара алмаймыз. Сөйте тұра... халқымыздың 40 процентке жуығы ана тілін білмейді деп жылаймыз. Марапаты – анау, ақиқаты – мынау!

Бүгінгі біздер үшін ақиқатты біліп, касіретті айтып жылауда – жұбаныш. Бәрінен де марапатқа мәз болып, колпаш сөзге қол согып, ұрандатып, уралап өте шыққан кешегі үрпакты айтсанызыш! «Бай менен молданы қойдай ду қамшымен...» Ура! «Асыра сілтеу болмасын, аша түк қалмасын!» Ура! «Троцкий-шіл-бухариншіл жау элементтерінің көзін құртайық!..» «Жасасын Сталин!..» «Бар күшімізді тың игеруге жұмсайық!..» «Коммунизм дегеніміз – химия!..» «Ел байлығы – елу миллион!..» Бәрінс – ура!

Оларға неге ұрандадың, неге ураладың деу қыын. Оларды қойып, ен жоғарыдан жөн сілтеп, жол көрсетіп отыргандардың өзіне кейде кең түсінікпен қарағың келеді. Неге? Адамзат тарихында бұрын-сонды болмаған, табиғи дамудан тыс келген жаңа қоғамдық формация алдында жарқырап жатқан данғыл жол жоқ еді. Бұл жолда соқтықпалы сокпактан, иірімді өткелден өту, қыырдан қыын сүрлеу іздеу, шытырманда аласу, адасканда жоғалту, бәрі-бәрі занды еді. Бұны біле тұра біреулерді жазғырып, тағы кінәлап та жатырмыз. Бар былық пен шылықты өр түрлі «...шілдіктен» («Пәленовшілдік, Түгеновшілдік)

іздейміз... Архивтерден іздейміз... Аруқтардан іздейміз. Іздейміз де жоғалтқанымызды жоқтаймыз... (Бүгінгіге жұбандыш, ертенгіге сабак үшін бұл да мүмкін керек шығар. Тек кейде адамдығымызды, адалдығымызды ұмытпасақ)...

Іә, бүгін жоғалтқанымызды жоқтаймыз. Ал жоғалтқанымыз жеткілікті. Біз – ең әуслі, жарты гасырға жуық уақытта жарты шындығымызды жоғалтқан халықпаз. Қөпке жетпеген, көркем кестеленбеген әр кезеңнің келбеті ажарсыз. Қазақ совет әдебиеті үшін осындай кезен, біздінше, 1930 жылдардан басталады. Бұған кейінгі жолдарда тоқталармыз, алдымен сол 30-жылдарға дейінгі даму барысына қысқаша барлау жасап көрейік.

Кей сөтте хронологиялық қөрсеткіштер де көп жайдан сыр аңғартады. Осы орайда казақ совет әдебиеті классиктерінің әр шығармасының сонына караңыз. Қайсысы қай жылы жазылды екен? Олардың салыстырмалы сапасы, кезеңдік қөрінісі қандай? Мысалды әуелі Бейімбеттен іздейік. Ұлы жазушының (осы сөзді бір жолы оған кияйықшы) 1986–88 жылдар аралығында «Жазушы» баспасынан бес томдық шығармалар жинағы жарық көрді. Оған поэзиясы, пьесасы, сценарийін қоспағанның өзінде 90 прозалық шығармасы енген. Сондағы 81 әңгіменің 61-і, 7 повестін 2-еуі, 2 романының (бірі – үзінді) 1-і 1930 жылға дейін жазылғаны нақты қөрсетілген. 15-тен астамының аяқталған мерзімі белгісіз. Қалғаны 31–35 жылдардың жемісі болса, 36–37 жылдардың мәліметі мүлде жоқтың қасы...?).

Бұдан шығатын қорытынды: біріншіден, жазушының ең өнімді жазған кезеңі 20-жылдар. Екіншіден, ең көркем, ең шыншыл, ең үлттық, халықтық шығармалар тудырыған кезеңі де, негізінен осы аралық. Әйгілі «Шұғаның белгісін» жиырма бір жасында (1915) қара сөзбен жырлап берген қаламгер кейінгі он бес жылда қай заманда да казақ әңгімесінің хас үлгісі болып кала беретін «Сексен сом», «Айранбай», «Түйебай», «Арыстанбайдың Мұқышы», «Даудың басы – Дайрабайдың қек сиры» сияқты сырлы да сынды дүниелер ұсынды. Дүбірі көп, дүрбелені мол, аумалы да төкпелі жиырмасыншы жылдардағы ауыл өмірінің анық суретін, кімнің жау, кімнің дос екені белгісіз, алды мұнар, арты тұман кезеңдегі халықтық ауыр хал мен үлттық қасіретті бір көрсек біз осы әңгімелерден көреміз. Елдің берекесін алған Мұқыш сынды «белсенділерді» де, жұртты «жынды» қылатын Желдібай Жындыбаев сияқты шала сауатты атқамінерлер мен Құрымбайдай әпенді милиционерлерді де біз алғаш рет Бейімбеттен кездестіреміз. Бұл аралықта Бейімбет нені жазса да сескенбей, батыл, бар шындықты бүкпесіз, көркем жеткізеді. Сондай сом талантты, жүректі Бейімбет, жиырмасыншы жылдардың басындағы аштықты «Айт күндері» мен

«Құлпашта» ах ұрып жеткізген Бейімбет 1932-нің ақ сүйегін көрмеуі мүмкін емес-ті... (?)

1916 жылғы қазақ жеріндегі ұлт-азаттық көтерілісті барынша шыншыл бейнелеген Мұхтар Әуезовтің «Қылыш заман», Жүсіпбек Аймауытовтың «Қартқожа» романдары, адамауи тақырыптағы Міржақып Дулаловтың «Бакытсыз Жамал», Сәбит Мұқановтың «Сұлушаш» (дастан деп те аталады) романдары, Мағжан Жұмабаевтың барлық поэмасы мен ең негізгі өлеңдері сол отызыншы жылға дейін жазылып бітіпті. Олардың қалам қарымын, халық алдындағы жазушылық парызын, сонан кейін... ең бастысы – заманның ағын ақ, карасын қара деп дәл танытқан да осы шығармалары болса керек. («Ау, Әуезовтің нағыз қалам қарымын танытқан дүниесі – «Абай жолы» емес пе?» – дейтін пікір де болуы мүмкін. Біз оған төменде ораламыз).

Жоғарыда аталған әр шығарманы талдап, олардың қазақ совет әдебиетіндегі тұнғыштығын, тұмсалығын, көктемгі ба-лаусадай көзге ыстық, көнілге тоқтығын ойтұрткі ретінде жазылып отырған бұл мақалада түгелдей таратып беру мүмкін емес. Негізгі ойымызды қолданған сыншы, әдебиетші, қаламгер қауым болса, аталған кезең әдебиетіне жаңа көз, жаңа талғаммен жан-жакты баға беретін кез жетті. Біз тек мұндағы бір-ак мәселеге – сол уақыттағы әдебиетіміздің ұлттық белгілеріне қыскаша тоқталып өткіміз келеді.

Алдымен, ұлттық әдебиет, әдебиеттегі ұлттық белгілер (сипат) дегеніміз не? Біздіңше, бұны үш аспекттіде қарастырған жөн.

Бірінші, әдебиеттің тұтастай салалары бойынша. Мұнда кез келген халықтың ауыз әдебиеті, оның барлық жанры сол халықтың тарихын, танымын, өзіне ғана тән тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрып, салт дәстүрін танытатыны сөзсіз. Мәселен, бір ғана айтис жөнінде қаншама өнгіме қозғауға болар еді. Демек ауыз әдебиетіндегі ұлттық сипатты ешкім жокқа шығара алмаса керек.

Екінші, мазмұндық жағынан. Кез келген әдеби жанрдан әр халықтың басқага ұксамайтын тарихы, өзіне ғана сал тұрмыс-тіршілігі, тағы да сол әдет-ғұрып, салт-дастүрі сезіліп тұrsa – бұны да әдебиеттің бір ұлттық белгісі ме дейміз.

Үшінші, пішін, түр (формалық) жағынан. Бұл жөнінде сөз көп болуға тиіс. Біздің пікірге құмән-күдікпен қарастын, тіпті мүлде келіспейтіндер де кездесуі мүмкін. Алайда ойымызды бүкпейік... Отызыншы жылдардан бастап төл әдебиетіміз ғасырлар бойы қалыптасқан кейбір пішіндік сымбатын біртіндеп жоғалта бастағандай. Жаңа өмір жаңа әдебиет жасауды алға қойды. «Социалистік реализм негізінде түрі ұлттық, мазмұны социалистік» шығармалар тудыруды талап етті. Қаламгерлер жаппай, жан-жакты іздене бастады. Оның өзіндік женісі де, жемісі де болғанын елемеу немесе бәрін жокқа шығару әділет

емес. Әсіреле, поэзия саласындағы пішіндік тың көріністер мен халық ақындарының біраз жылғы өрлеуін өсте ұмытуға болмайды. Солай бола тұра жаңағы кезеңнен кейін баяғы еркін көсілетін қалам мен тілдің белгілі бір «калыпка» ыңғайлана бергенін байқаймыз. Бұны бәрінен бұрын прозага қаратып айткан жөн. Мәселе мынада. Қазак жазба әдебиеті – бар халықтың әдебиеті секілді өуелгі бастауын ауыз әдебиетінен алған той. Ал қазак ауыз әдебиетімен тенденсестін ауыз әдебиеті әлемде сирек екенін өзімізді қойып өзгелер өлдекашан мойындаған. Түрмесі, зынданы, милициясы мен полициясы жоқ, кең сахараны еркін кезген халықты өмсө адамдыққа, тәртіпке шақыра білген ұлы күш осы әдебиет еді. Театры, клубы, баспасы мен басқасы жоқ, бала-шағасымен аттың жалы, түйенің қомында көшіп жүрген халыққа имандық, педагогикалық тәрбие болған да осы әдебиет еді. Оның мазмұнындағы философиялық ойдың терендігі, даналығы, қажет кезінде турап салар наркескендегі өткірлігі, пішініндегі сұлулық, өуезділік, ән сазындағы әдемі ырғак осы әдебиеттің құдіреті еді. Ауыз әдебиетінің осындағы элементтері жиырмасыншы жылдарға дейін әдебиетте ұлттық өрнек түрінде әдіптелгенін көреміз. Тіпті прозасында. Мәселе, «Шұғаның белгісіне» қараныз: «Біз елден шыққанда күн де сөскелікке жақындал еді. Ұшпалы сұр бұлттар көшкен керуен сықылды тіркесіп, онтүстікке қарай жылжып-ұшып, күннің көзі біртіндеп ашыққа шығып, жылы шырай нұрын шаша бастады» деп, эпостық кең тыныспен, күшетпелі майда ырғакпен басталатын шығарма ең сонында ғашықтық жыр ұлгісімен – Шұғаның өлерде жазған хатымен, халықтық жыр ұлгісімен аяқталмай ма! Осы бір ғана тұнғыш туындыда әркиси шығыстың, берісі ұлттық әдебиеттің қаншама белгілері қабысып, астасып жатыр! Күні бүгінге дейін «Шұғаның...» колдан түспейтіні, қайталап оқи бергің келетіні мүмкін осыдан шығар. Немесе Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» романын еске алып көріңіз. Жанры проза болғанмен, жаратылсын поэзиядан кем оқыла ма оның? Ол аз десеніз, осы автордың «Күнікейдің жазығын» алыңыз. «Жаялықша жалпиган, жарқанатша қалқиған, жермен-жексен шым қора, бейнеуі жоқ сүм қора» деп, билер сөзіндегі ырғакпен басталатын повестің тіл құнары өз алдына әңгіме, мұндағы бір ғана сурет – ел жайлауға аттанғанда ат жарыстырып, сөз қағыстырып, думан-дүрмекке бөленіп бара жатқан көш суреті ұлттық өнерден де, өрнектен де талай дүниені алға тартпай ма? Бұның өзі «Қызы Жібек» жырының прозадағы сарыны, әсері емес пе екен...

Қалай десек те, отызынышы жылға дейінгі әдебиеттің ұлттық нақышы мен бітімі бөлек. Бөлек болатын себебі мынада ма дейміз. Алдымен, әдебиет пен өнерде еркіндік болғанға үқсай-

ды. 1932 жылға дейін қаулымен қалыпқа салу, олай жазба, бұлай жаз, оны жазба, мынаны жаз дейтін нұсқау-сілтеу аз. Бұл уақытша бостандық өмірге, қоғамға сын көзбен қарауға, ойға алғанды оң сәтімен жазып шығуға жол ашқан. Нәтижесінде кейін жазу түрмак айтуда да қорктын: ұлт мәселесіндегі қайшылықтар, жергілікті халықтың мұн-мұктажы, миграция, милиция, өкіл, «белсенді» сияқты «қауіпті» өріске қадам басуға екінің бірі сескене бермеген. Екіншіден, бұл тұстағы әдебиеттің ұлттық сипатының басым болуы: қазак халқының түрмисі тіршілігіндегі ғасырлар бойы қалыптастан ұлттық ерекшеліктердің (шаруашылығындағы, рухани, мәдени, салт-дәстүрліндегі) әлі көп ұмытылмауы, баяғы алфавитінің өзгермеуі, ұлт зиялыштарының болашаққа сеніммен ұмтылышы, т.б. жайлы жағдайларға байланысты болуы өбден мүмкін.

Қыскасы, отызыншы жылдарға дейінгі әдебиеттің – ұлттық бояуымен, шыншылдығымен, еркін дамуымен ерекшеленетін әдебиет деп білеміз. Бірак, бұл – бұдан кейінгі жылдарда қазақ әдебиеті бар қасиеттінен айырылды деген сөз емес. Әнгіме басқада.

2

Қазақ зиялыштарына алғашкы зобалаң 1929 жылы келеді. Сол жылы «байшыл, ескішіл» аталып жүрген олардың үш жүзден астамы қамауға алынады.

Сол жылы Мағжан Москвадағы Бутырка түрмесіне түседі...

Сол жылы Жұсіпбек те (Аймауытов) ұсталып, үш жылдан соң, 1931 жылы атылады...

1932 жылы Мұхтар Әуезов қамауға алынып, біраз ай абақтыда жатып шығады.

1932 жылы 23 сәуірде БК (б)П Орталық Комитеттің «Көркем әдебиет және өнер үйимдарын қайта құру туралы» қаулысы қабылданады. 50-жылдардың басына дейін әдебиет пен өнерді айналдырып алған сан қаулының ол басы еді.

Кай жағынан карасақ та мұндај жағдайлардан кейін әдебиетте еркін даму болуға тиіс пе? Еркін дами алмаған, айтқанға көніп, айдағанға жүріп отырған әдебиет кай шындықтың бетінے тұра қарауы мүмкін? Әлеуметтік ірі шындықтарды көркем жеткізуден қалған әдебиетті кім толық мәдениет дей алады? Халқымыздың қақ жартысын жалмап кеткен 32-нің апатын 1987 жылға дейін тек ұзынқұлактан ғана естуіміз де талай сырды аңғартар еді...

Талай сырдың түбіне тереңірек үңілу үшін сөзді сол 30-жылдардағы кейбір құжаттар мен қағидалардан бастаған жөн. Соңғы жылдары «Литературная газетада» социалистік реализм жөнінде біршама пікір айтылды. Шындығында, бұл термин одак-